

БЕКІТЕМІН:

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№9 лицейі» директоры
К.А.Нургалиева

«01» 09 2021/2022 ж

Комплаенс - қызметі туралы ережелер

1 - тарау. Жалпы ережелер

- 1.Комплаенс өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының 06.10.2020 жылғы №365-ҮІ Заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Жарғыға, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
2. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында әзірленді.
- 3.Міндетті реттеуші талаптардың соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды сақтауды қамтамасыз етеді
- 4.Барлық қызметкерлер арасында шынайылықты, адалдықты қамтамасыз ететін және үздік стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізу үшін жағдай туғызатын Қоғамның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы бастамалар, іс-қимылдар шеңберінде құрылады.
- 5.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жүргізіледі.

2 -тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты тиісті ұйымның (компанияның) және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ақпараттық ашықтығы.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

- 1.Лицейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді ұйым басшысы немесе алқалы атқарушы органы (болған кезде) қабылдайды.